

«Ұлы даланың дара ұстазы»

Мақсаты: - Студенттерге алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсарин өмірі, шығармашылығымен таныстыру.

- Білімге арналған өлеңдерінен тәлім- тәрбие алу.

- Оларды өз тәуелсіз елін, ақын – жазушыларын қадірлеуге, өз елінің ұлтжанды патриоты болуға баулу.

Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай, Геодезия және картография жоғары колледжінің кітапханасында студенттерді алғашқы ұстаздың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, білімге арналған өлеңдерінен тәлім- тәрбие алу мақсатында «Ұлы даланың дара ұстазы» атты тәрбиелік іс – шара 105 топ студенттері және жетекші Темиргалиева Айгерім Нұрланқызының қатысуымен өткізілді.

Ыбырай Алтынсарин — Бірінші қазақ мұғалімі, қазақ даласында бірінші болып қазақ мектебін ашушы, балаларға арналған алғаш қазақша және орысша тілдердегі кітаптардың және Қазақ хрестоматиясының авторы. Қазақ халқын оқу-білімге, мәдениетке үндеп, халық — ағарту саласында көп еңбек сіңірген қазақтың, тұңғыш тамаша педагогі.

Кітапхана меңгерушісі Касымова Сания Турсуновна студенттерді тұңғыш халық мұғалімі Ыбырай Алтынсариннің өмірі, шығармашылығы мен оның қызметіне арналған презентациямен, кітап көрмесімен таныстырды. Топ студенттері де белсенділік танытып, Ыбырай Алтынсариннің «Өсиет» атты өлеңін Исканов Темірлан айтып мағынасын түсіндіріп берді. Ал, Қуанов Али «Өнер білім бар жұрттар» өлеңін мәнерлеп айтып, жүрекке жеткізе білді. Барлықбаев Сұңқар «Әке мен бала» әңгімесін жақсы айта отырып, өз ой пікірін білдірді.

Қазақтан шыққан алғашқы педагог Ы.Алтынсариннің бізге қалдырып кеткен еңбектерін қадірлеп, ол еңбектердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз еліміздің білімді жастары.

В заключении, учащиеся пришли к выводу, что каждому человеку необходимо развивать в себе такие нравственные качества, как доброта, любовь к окружающим, милосердие.



